

Целиноград ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2013 жылғы 21 ақпандағы № 89/12-5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 20 наурызда № 3682 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 17/2-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 25.04.2016 № 17/2-6 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 10 бабына сәйкес Целиноград аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында, Целиноград ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. "Целиноград ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындарын анықтау туралы" 2007 жылғы 11 шілдедегі № 275/42-4 Целиноград аудандық мәслихатының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-17-57 болып тіркелген, 2007 жылғы 3 тамызда "Призыв", "Ұран" аудандық газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Целиноград аудандық мәслихаты
сессиясының төрағасы*

Н.Токабаев

*Целиноград аудандық
мәслихатының хатшысы*

Р.Түлкібаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Целиноград ауданының әкімі

А. Үйсiмбаев

Целиноград аудандық мәслихатының
2013 жылғы 21 ақпандағы
№ 89/12-5 шешiмiне
қосымша

Целиноград ауданында жиналыстар, митингiлер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткiзу орындары

Ескерту. Қосымшаға өзгерiстер енгiзiлдi - Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 05.11.2015 № 331/47-5 (ресми жарияланған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi) шешiмiмен.

№	Елді мекеннің аталуы	Жиналыстар, митингiлер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткiзу орындары
1.	Ақмол ауылы	Целиноград ауданы әкiмдiгi аппаратының мәдениет бөлiмi жанындағы "Аудандық мәдениет үйi" мемлекеттiк коммуналдық қазыналық кәсiпорны ғимараты алдындағы орталық алаң, Гагарин көшесi, 12
2.	Өтеміс ауылы	Ауылының орталық алаңы, Өтеміс көшесi, 31
3.	Воздвиженка ауылы	Целиноград ауданы әкiмi аппаратының мәдениет бөлiмi жанындағы "Аудандық мәдениет үйi" мемлекеттiк қазыналық кәсiпорнының "Воздвиженка ауылының ауылдық мәдениет үйi" ғимараты алдындағы орталық алаң, Қажымұқан көшесi, 1
4.	Раздольное ауылы	Ауылдың орталық алаңы, Бауыржан Момышұлы, 1 А
5.	Жаңа Жайнақ ауылы	Целиноград ауданы әкiмi аппаратының мәдениет бөлiмi жанындағы "Аудандық мәдениет үйi" мемлекеттiк қазыналық кәсiпорнының "Жаңа Жайнақ ауылының ауылдық мәдениет үйi" ғимараты алдындағы орталық алаң, Бейбiтшiлiк көшесi, 20
6.	Қабанбай батыр ауылы	Целиноград ауданы әкiмi аппаратының мәдениет бөлiмi жанындағы "Аудандық мәдениет үйi" мемлекеттiк қазыналық кәсiпорнының "Қабанбай батыр ауылдық округiнiң ауылдық мәдениет үйi" ғимараты алдындағы орталық алаң, Тельман көшесi, 1 А
7	Қызылжар ауылы	"Қызылжар" дүкенi ғимараты алдындағы орталық алаң, Орталық көшесi, 30 А
8.	Нұра ауылы	Целиноград ауданы әкiмi аппаратының мәдениет бөлiмi жанындағы "Аудандық мәдениет үйi" мемлекеттiк қазыналық кәсiпорнының "Нұра ауылының ауылдық клубы" ғимараты алдындағы орталық алаң, Орталық көшесi, 12
9.	Сарыадыр ауылы	Целиноград ауданы әкiмi аппаратының мәдениет бөлiмi жанындағы "Аудандық мәдениет үйi" мемлекеттiк қазыналық кәсiпорнының "Сарыадыр ауылының ауылдық клубы" ғимараты алдындағы орталық алаң, Орталық көшесi, 7
10	Қараөткел ауылы	"Рақымжан" сауда орталығы ғимараты алдындағы орталық алаң, Центральная көшесi, 2/1
11	Қаражар ауылы	Ауылдың орталық алаңы, Әлкей Марғұлан көшесi, 59/4
12	Жаңажол ауылы	Целиноград ауданы әкiмi аппаратының мәдениет бөлiмi жанындағы "Аудандық мәдениет үйi" мемлекеттiк қазыналық кәсiпорнының "Жаңажол ауылының ауылдық клубы" ғимараты алдындағы орталық алаң, Абай Құнанбаев көшесi, 12 А
13		

.	Қосшы ауылы	"Айгерім" сауда үйі ғимараты алдындағы орталық алаң, Республика көшесі, 8
14	Тайтөбе ауылы	Ауылдың орталық алаңы, Тоқаш Бокин көшесі, 1 А
.	Қоянды ауылы	"Артур" дүкені ғимараты алдындағы орталық алаң, Мұхамедрахым Жүнісов көшесі, 76
16	Шұбар ауылы	"Актив" дүкені ғимараты алдындағы орталық алаң, Мир көшесі, 17
.	Малотимофеевка ауылы	"Сурикова" ЖК дүкені ғимараты алдындағы орталық алаң, Мир көшесі, 29
18	Жалғызқұдық ауылы	Целиноград ауданы әкімі аппаратының мәдениет бөлімі жанындағы "Аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Жалғызқұдық ауылының ауылдық мәдениет үйі" ғимараты алдындағы орталық алаң, Мир көшесі, 64 А
.	Красноярка ауылы	Ауылдың орталық алаңы, Энгельс көшесі, 33 А
19	Максимовка ауылы	"Сары Терек" ЖШС кеңсесі ғимараты алдындағы орталық алаң, Лиза Чайкина көшесі, 18
.	Төңкеріс ауылы	"Қадам НС" ЖШС кеңсесі ғимараты алдындағы орталық алаң, Целинная көшесі, 38
22	Фарфоровый ауылы	Бұрынғы фарфор зауыты ғимараты алдындағы орталық алаң, Шапағат көшесі, 2
.	Қос шоқы станциясы	"Қос-Шоқы" ЖШС кеңсесі ғимараты алдындағы орталық алаң, Қаһарман көшесі, 19
24	Жайнақ станциясы	Станцияның орталық алаңы, Жастар көшесі
.	Мәншүк ауылы	"Мәншүк-АЭ" ЖШС ауылдық клубы ғимараты алдындағы орталық алаң, Мир көшесі, 9 А
26	Новоишимка ауылы	Целиноград ауданы әкімі аппаратының мәдениет бөлімі жанындағы "Аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Новоишимка ауылының ауылдық мәдениет үйі" ғимараты алдындағы орталық алаң, Дружба көшесі, 7
.	Семеновка ауылы	"Семеновка-АЭ" ЖШС ауылдық клубы ғимараты алдындағы орталық алаң, Дружба көшесі, 15
28	Мортық ауылы	Целиноград ауданы әкімі аппаратының мәдениет бөлімі жанындағы "Аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Мортық ауылының ауылдық клубы" ғимараты алдындағы орталық алаң, Абай көшесі, 12
.	Оразақ ауылы	"Оразақ" ЖШС сауда орталығы алдындағы орталық алаң, Тоқтар Әубәкіров көшесі, 8
30	Бірлік ауылы	Ауылдың орталық алаңы, Орталық көшесі
.	Приречное ауылы	Целиноград ауданы әкімі аппаратының мәдениет бөлімі жанындағы "Аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Приречное ауылының ауылдық клубы" ғимараты алдындағы орталық алаң, Первомайская көшесі, 38
32	Антоновка ауылы	Целиноград ауданы әкімі аппаратының мәдениет бөлімі жанындағы "Аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Антоновка ауылының ауылдық клубы" ғимараты алдындағы орталық алаң, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 22
.	Рақымжан Қошқарбаев ауылы	"Ен Дала" ЖШС кеңсесі алдындағы орталық алаң, Қазақстанның 40 жылдығы көшесі, 1
34	Ағанас ауылы	Ауылдың орталық алаңы, Ынтымақ көшесі
.	Сарыкөл ауылы	"Ен Дала" ЖШС кеңсесі алдындағы орталық алаң, Достық көшесі
35		

36	Преображенка ауылы	"Преображенка" ЖШС кеңсесі алдындағы орталық алаң, Нұра көшесі
37	Шнет ауылы	Ауылдың орталық алаңы, Дінмұхамед Қонаев көшесі
38	Родина ауылы	Целиноград ауданы әкімі аппаратының мәдениет бөлімі жанындағы "Аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Родина ауылының ауылдық мәдениет үйі" ғимараты алдындағы орталық алаң, Школьная көшесі, 1
39	Садовое ауылы	Целиноград ауданы әкімі аппаратының мәдениет бөлімі жанындағы "Аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Садовое ауылының ауылдық клубы" ғимараты алдындағы орталық алаң, Центральная көшесі, 19
40	Зеленый гай ауылы	Целиноград ауданы әкімі аппаратының мәдениет бөлімі жанындағы "Аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Зеленый гай ауылының ауылдық клубы" ғимараты алдындағы орталық алаң, Фруктовый-2 тұйық көшесі, 1
41	Софиевка ауылы	Целиноград ауданы әкімі аппаратының мәдениет бөлімі жанындағы "Аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Софиевка ауылының ауылдық мәдениет үйі" ғимараты алдындағы орталық алаң, Ленин көшесі, 33
42	Миновка ауылы	Кішкентай шіркеу алдындағы алаң, Ковалев көшесі
43	Талапкер ауылы	"Керей" дүкені ғимараты алдындағы орталық алаң, Талапкер көшесі, 15
44	Қажымұқан ауылы	"Қажымұқан" кафесі ғимараты алдындағы орталық алаң, Сәкен Сейфуллин көшесі
45	Қызыл суат ауылы	"У тополя" кафесі ғимараты алдындағы орталық алаң, Мир көшесі
46	№ 96 разъезд ауылы	Разъезд № 96 ауылының орталық алаңы, Торғай көшесі
47	Тасты ауылы	"АКА" ЖШС ауылдық Мәдениет үйі ғимараты алдындағы орталық алаң, Интернациональная көшесі, 20
48	Ақмешіт ауылы	"АКА" ЖШС дүкені ғимараты алдындағы орталық алаң, Абай көшесі, 7
49	Т а с т а қ станциясы	"Жанар" дүкені ғимараты алдындағы орталық алаң, Орталық көшесі, 13/2
50	Шалқар ауылы	"Шалқар-АЭ" ЖШС кеңсесі ғимараты алдындағы орталық алаң, Победа көшесі, 28
51	Қаратомар ауылы	Ауылдың орталық алаңы, Дина Нұрпейісова көшесі, 21/1
52	Отаутүскен ауылы	Ауылдың орталық алаңы, Шәмші Қалдаяқов көшесі, 9/2

Ескерту:

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

ЖК - жеке кәсіпкер.